ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

4 қаңтар 2026 ж.

Ақтоғай ауылы

№ 05/01

село Актогай

Аудан әкімдігінің шұғыл шығындарға арналған резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №551 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қаулысын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы №328 «Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерін бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып 2026 жылғы 5 қаңтардағы Шашубай кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының №1 хаттамасына және 2026 жылғы 20 қаңтардағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық штаб отырысының №1 хаттамасына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І:

1. Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің электр жабдықтары мен әуе электр беру желісін жөндеу жұмыстары үшін «Шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органның резерві» 9 724 000 (тоғыз миллион жеті жүз жиырма төрт мың) теңге «Ақтоғай ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 492 103 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бюджеттік бағдарламасына аударылсын.

2. Аталған қаражатты «Ақтоғай ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй

001296

инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есепшотынан 124 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы арқылы 9 724 000 (тоғыз миллион жеті жүз жиырма төрт мың) теңге мөлшерінде «Шашубай кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің есепшотына аудару жүктелсін.

3. «Шашубай кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне (Н.Мангишев) бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуы тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімі **А. Аманжолов**

А.Қуанышбаев
А.Дардаков
А.Капашев
Б. Әмірғасым
П.Темірбек
Д. Қаура
Т. Жумадилова
А. Жармағанбетов

Орынд: С.Боранбаева